

**Жаңартылатын энергия
көздерін қолдау жөніндегі
қаржы есеп айырысу орталығы**

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің
Байқау кеңесінің шешіміне 2-Қосымша
31 Мамыр 2023жыл (№ 3 хаттама)

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің
Байқау кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
31 Мамыр 2023 жыл (№ 3 хаттама)

**«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің
сыбайлас жемқорлыққа қарсыкомплаенс-қызметі
(комплаенс офицері) туралы
Ереже**

Астана, 2023 жыл

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 2-парақ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бұл ереже «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агеттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережеге сәйкес, Қазақстан Республикасының энергетика Министрінің 2022 жылғы 07 маусымдағы № 201 бұйрығымен бекітілген «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы есеп айырысу орталығы» ЖШС-нің (бұдан әрі - Серіктестік) Жарғысының 8-тарауының 7 тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленіп Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібін бекітеді (бұдан әрі - Қызмет).

2. Осы ереже Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында жарияланады және оның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

3. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 3-парақ

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

4. Серіктестікте негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын Қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

5. Қызметтің функцияларын атқаратын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіткен кезде Серіктестіктің Байқау кеңесінің шешімімен айқындалады.

6. Қызмет Серіктестікте Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға және іске асыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру кезінде тәуелсіз.

7. Қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

8. Қызмет функциясын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

9. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Қызмет:

- 1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін;
- 2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық стандарттар мен конвенцияларды;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 4-парақ

3) энергетика және жаңартылатын энергия көздері саласындағы талаптарды белгілейтін халықаралық, мемлекетаралық және ұлттық стандарттарды, қағидаларды, директивалар мен нормаларды;

4) осы Ережені қоса алғанда, Серіктестіктің Жарғысымен және ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

10. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Серіктестіктің Бақылау кеңесі бекітеді.

2-тарау. Қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидағтары, функциялары мен өкілеттіктері

11. Қызметтің негізгі мақсаты Серіктестік пен оның оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

12. Қызмет міндеттері:

1) Серіктестік пен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидағтарының сақталуын қамтамасыз ету.

13. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидағтарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 5-парақ

3) Қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;
4) Қызметтің тәуелсіздігі;
5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

14. Мақсатқа қол жеткізу және жүктелген міндеттерді орындау үшін Қызмет келесі функцияларды іске асырады:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат);

серіктестіктің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

серіктестікте мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

серіктестіктің Іскерлік әдеп кодексі;

2) серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және серіктестіктің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 6-парақ

5) серіктестікте анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) серіктестіктің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) серіктестіктің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) Қызмет өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде серіктестіктің жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) серіктестіктің сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 7-парақ

19) серіктестіктің басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, серіктестіктің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) комплаенс мәселелері бойынша функцияларды атқарады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

15. Серіктестіктің Байқау кеңесінің шешімімен Қызмет басшысы (немесе Қызметте бір ғана қызметкер қарастырылған жағдайда комплаенс-офицері) тағайындалады және оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекке ақы төлеу шарттарын айқындалады.

16. Қызметтің басшысы (немесе Қызметте бір ғана қызметкер қарастырылған жағдайда комплаенс-офицері) Қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

17. Серіктестіктің басшысының шешімімен Қызметтің қызметкерлері құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

18. Қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері (немесе Қызметте бір ғана қызметкер қарастырылған жағдайда комплаенс-офицерінің), құқықтары мен жауапкершілігі осы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын лауазымдық нұсқаулықтармен немесе құжаттармен айқындалады және оларды Серіктестіктің басшысы бекітеді.

19. Қызмет басшысы Серіктестіктің Бақылау кеңесіне Қызметтің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныс береді.

20. Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қызмет атынан жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға Қызмет басшысы (немесе Қызметте бір ғана қызметкер қарастырылған жағдайда комплаенс-офицері) қол қояды.

21. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері (немесе Қызметте бір ғана қызметкер қарастырылған жағдайда комплаенс-офицері) комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруы қажет.

22. Қызмет өз қызметінің шеңберінде:

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 8-парақ

1) серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) Қызметтің құзыретіне жататын мәселелерді Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) серіктестіктің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) серіктестіктің қызметкерлерінің серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

23. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қызмет:

1) серіктестік және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) серіктестіктің байқау кеңесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 9-парақ

5) серіктестіктің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

24. Қызмет басшысына және қызметкерлеріне (немесе Қызметте бір ғана қызметкер қарастырылған жағдайда комплаенс-офицеріне):

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде Қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға тыйым салынады.

25. Серіктестік басшылығы:

1) Қызмет өз жұмысын жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен тапсырмаларын орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) Қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) Қызметтің басшысына және қызметкерлеріне (немесе Қызметте бір ғана қызметкер қарастырылған жағдайда комплаенс-офицерге) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

26. Қызмет Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен әдептілік негізінде құрылады.

27. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Қызметке:

1) осы Үлгілік ереженің 13-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 10-парақ

- 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындайтын сұрақтар мен мәселелерді бірлесіп шешу арқылы жәрдем көрсетеді.

3-тарау. Қызметтің есептілігі

28. Қызмет Серіктестікте қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Серіктестікте қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

30. Қызмет Серіктестіктің Байқау кеңесі алдында мезгіл-мезгіл есеп беріп отырады.

Серіктестіктің басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда Қызмет Заңның 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

31. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, Серіктестік Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген тармақтары оларға қайшы келсе, осы Ереже оларға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

33. Осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңдарын және Серіктестіктің Жарғысын басшылыққа алу қажет.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	«ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже	
	2-ші редакциясы	12-ден 11-парақ

Келісу парағы

Лауазымы	ТАӘ	Күні	Қолы
Бас директор	Налибаева Г.К.		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің комплаенс-офицері	Мукушева М.Ш.		

